**Тыңдалды 2.1**

**Сөйледі 2.1 Ұ. Спатаева**

Жылдағы дәстүр бойынша «Мектепке жол» акциясы бойынша тұрмыс жағдайы төмен, көпбалалы, толық емес отбасы балаларына ақшалай, заттай көмек беріледі. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулы негізінде «Міндетті білім қорынан» бөлінетін бір реттік қаржылай көмекке өткен оқу жылында 19 отбасынан 40 оқушыны ұсынған болатынбыз. Биылғы оқу жылында бұл отбасылардың ішінде материалдық жағдайы біршама жақсарған отбасылар бар, сондықтан өздеріңізбен кеңесе отырып, жаңа тізімді бекітуіміз қажет.

**Тыңдалды 2.2**

**Сөйледі 2.2 Ғ. Азбаева**

Мектеп тарапынан күн көрісі төмен, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар басты назарда және тиісті шаралар үнемі уақытылы ұйымдастырылып отырады. Бір реттік қаржылай көмек алатын оқушыларға қарсылық жоқ, Бір ауылда тұрғасын бұл отбасылардың жағдайын жақсы білеміз, өткен оқу жылында күн көрісі төмен деп танылған 12 отбасының әлеуметтік жағдайы біршама көтерілді, ата-аналары жұмыспен қамтылды, ма саны артты, қамқоршылық кеңесінің комиссия құрамы үйлеріне барып, тұрмыс жағдайларын көріп, АКТ жасалды, ол отбасыларға ауыл әкімшілігі қызметкерлерімен бірлесе отырып, түсіндіру жұмыстары жасалды.

**Тыңдалды 2.2**

**Сөйледі 2.2 кеңес төрағасы Б. Алашбаева**

Қайырлы күн! Біз комиссия мүшелері күн көрісі төмен отбасыларына барып, әлеуметтік жағдайларын анықтап әлеуметтік көмек көрсетуге 7 отбасынан шыққан 13 оқушыны ұсынып отырмыз. Атап айтсақ, Абилов Талғаттың үй тұрмысы өте нашар, өзі екінші топтағы мүгедек, жұмыссыздық және мүгедектік бойынша алатын қаражаты отбасын асырауға жетпейді, сондықтан Жәкіш Айару Талғатқызы 3-сынып, Жәкіш Мейрамбек Талғатұлы 9-сынып, Жәкіш Күмісай Талғатқызы 10-сынып оқушылары; Оразаев Төлеген жұмыссыз, жалғызбасты әке, үлкен балалары жұмыс жасағанымен олардың өз отбасылары бар, сол себепті Алдаберген Али 8-сынып оқушысы, Төлегенқызы Айару 7-сынып оқушысы; Иманбердиева Қуанышгүл жалғызбасты ана, мектепте еден жуушы болып жұмыс жасайды, бір студент баласы бар, малы жоқ, бұл отбасынан Құрман Асылай Тұрсынбайқызы 5-сынып, Құрман Айым Тұрсынбайқызы 8-сынып оқушылары;

**Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы №4**

**О.Әлібаев ЖББМ**
**18. 03. 2025 ж**
**сағ. 10.00**
**Төрайымы: Алашбаева Б (ата-ана)**
**Хатшы: Ұ. Спатаева (әлеуметтік педагог)**
**Қатысқандар: Алин Д. Г- мектеп директоры, Кутжанова А – тәрбие ісінің орынбасары, қамқоршылық кеңесінің мүшелері**

**Күн тәртібінде:**

1.2024 -2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы «Қамқоршылық» кеңесінің атқарған жұмыстары есебін тыңдау. Мектеп директоры Д.Г.Алин.

2. Тұрмысы төмен отбасы оқушыларының тізімін бекіту; Әлеуметтік педагог Ұ. Спатаева

3.Тыйым салынған өнімдермен улану жағдайларының алдын алу. Мектеп медбикесі К. Оспанова

**Тыңдалды: 1.1**
**Сөйледі 1.1: мектеп директоры- Д.Г.Алин**
Күн көрісі төмен, толық емес отбасыларынан 40 оқушы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулы негізінде «Міндетті білім қорынан» бөлінетін бір реттік қаржылай көмек алды. «Аудан білім бөлімінен...» оқу-құрал түріндегі көмекке көп балалы отбасынан 1 оқушы ұсынылып, Кентай Байнұр көмек алды.
2024-2025 оқу жылында «Жалпыға бірдей оқу айлығы», «Қамқорлық» акциясы барысында көрсетілген көмек есебі жайлы тоқталсақ, тамыз айынан бастап, күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсету үшін «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылды. Жоспар бойынша көпбалалы, аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан , қамқорлықтағы балалары бар отбасыларға рейд жасалып, 4 отбасынан шыққан 11 оқушының 9- оқушысына материалдық, 2 оқушыға бір реттік қаржылай көмек көрсетілді. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары жасалынып, бекітілді.

Тамақтану бойынша 1-4-сыныптар және аз қамтылған отбасыларынан шыққан 9 оқушы бір реттік тегін ыстық тамақпен (барлығы 112) қамтылды. Аудандық, облыстық әкім шыршасына көп балалы, толық емес отбасылардың балалары қатысып, бағалы сыйлықтармен қамтылды.

Мақажанова Әсем жалғызбасты ана, жұмыссыз, баспанасы жоқ, қызы Мақажанова Назерке 3-сынып оқушысы;
Күнашықов Жасұлан жалғызбасты әке, жұмыссыз, малы жоқ, баласы Тоғаев Тәттімбет 9-сынып оқушысы;
Жазбекова Гүлнұр жалғызбасты ана, жұмыссыз, баспанасы жоқ, баласы Жазбеков Расұл Манарбекұлы 10-сынып оқушысы;
Смагулова Көгершін жалғызбасты ана, баспанасы жоқ, 2-топтағы мүгедек, балалары Сембай Айназар Еркебұланұлы 5-сынып, Сембай Аяжан Еркебуланқызы 6-сынып, Сембай Аружан Еркебұланқызы 8-сынып оқушысы, осы аталған оқушыларды ыстық тамаққа, бір реттік қаржылай көмекке ұсынамыз. Қарсылық болса, айтыңыздар! (барлық комиссия мүшелері бірауыздан қолдады)

**Тыңдалды:3.1**

**Сөйледі: 3.1 мектеп медбикесі К. Оспанова**

-Қайырлы күн, құрметті ата-аналар! Тыйым салынған өнімдермен улану жағдайларының алдын алу бойынша мектеп оқушыларына, ата-аналарға тәрбие сағаттарында, ата-аналармен өткізілген шараларда түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Біздің мектебімізде 112 оқушы тегін ыстық тамақ ішеді. Мектеп асханасындағы тыйым салынған тағамдар берілмейді, күнделікті дайындалған ыстық тамаққа сараптама жасап отырамыз. Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың 177-179-тармақтарына сәйкес *(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы)* Білім беру және тәрбиелеу объектілерінің тамақтану объектілерінде, мектепке дейінгі ұйымдарда, балалар үйлерінде, балалардың сауықтыру және санаторий объектілерінде алып тасталады:

**1) Өндіру және сату:** қатық, сүзбе, айранды; туралған ет қосылған құймақтарды; флотша макаронды; зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді; кремі бар кондитерлік өнімдерді; тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда және балалар үйлерінде – қалуа, мармелад, пастила); морстар, квастарды; фритюрде қуырылған өнімдерді; шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны; күрделі (төрт компоненттен артық) салаттарды, қаймақ пен майонез қосылған салаттарды; окрошканы; саңырауқұлақтарды; өнеркәсіптік емес дайындалған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін; тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды; газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда); фаст-

фудтар: гамбургерлер, ход-догтар, пиццалар, наггетстер, чипсілер (чипсондар), дәмдік қоспалары бар тұздалған қытырлақ нанды; ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелкек, қыша) дайындауға және өткізуге;

**2) өндіру**: тізбесі тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне қолданылатын, 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің 8-бабында және Одақтың техникалық регламенттерінде айқындалған тамақ өнімін, осы Санитариялық қағидалардың 97-тармағында көрсетілген тамақ өнімін, пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты, йодталмаған тұзды және құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғарғы және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмейді.

Сондай-ақ білім беру объектілерінде тамақ өнімдерін автоматты түрде өткізуге арналған аппараттарды орнатуға және жаппай сауықтыру рәсімі ретінде оттегі коктейльдерін білім беру объектілерінде, мектепке дейінгі ұйымдарда, балалар үйлерінде өткізуге рұқсат етілмейді.

**Қаулы етілді:**

1. Қамқоршылық кеңесінің жоспар бойынша жұмысын жүзеге асыруға әр кеңес мүшесі ат салыссын;

2. Әлеуметтік аз қамсыздандырылған 7 отбасынан шыққан 13 оқушыны ыстық тамақпен, бір реттік қаржылай көмекпен, әлеуметтік қолдаулармен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымастыру Ұ. Спатаеваға, А. Кутжановаға міндеттелінсін;

3.Тамақтану мәдениеті, балаларға пайдалы тағам әдеттерін сіңіру, дұрыс тамақтану қағидаттарын ұстану ата-аналарға, сынып жетекшілеріне, мектеп медбикесіне міндеттелінсін.

Кеңес мүшелері:

Кеңес мүшелері: Куржікова А.К Қызырова Ұ

Кемелов А. О Тиес А Бабагисова И

Азбаева Ғ Абдикаримов Т

Төрайымы: Б. Алашбаева

Хатшы: Ұ. Спатаева